

**Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының облыстық балалармен
жасөспірімдер туризмі және экология орталығы**

«Бекітемін»
ОБЖТ ж ЭО директоры
_____ Ғ.Бекқалиев

**«Жас турист -өлкетанушылар» үйірмесінің
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(13-15 жастағы ерекше білімді қажет ететін
білім алушылар үшін)**
*Бағдарлама жүзеге асырылатын мерзімі 1жыл
2020-2021 оқу жылы*

Қосымша білім беру педагогі
_____ Р.Альмуханова

Орал қаласы 2020

Түсінік хат

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Дені сау ұлт» үшін инфрақұрлымын дамытуға баса көңіл бөлінген. Балалар туризмі - ол – болашақ мамандар, ол – тарих пен өлкетану, ол – жеке тұлғаның дұрыс қалыптасуы, ол- тәрбие құралы. «Жас саяхатшы» туристік-өлкетану үйірмесінің бағдарламасы бір оқу жылына арналған және тоқсан сайын үйірме мүшелерін демалыс күнгі 2-3 жорыққа қатысуларын міндеттейді.

Бағдарламаның мақсаты:

Білімділігі: туристік-өлкетанулық білім беру арқылы өлкенің табиғи, тарихи және мәдени мұрасын зерттеп зерделеуге үйрету. Туған өлкеге экскурсиялар жасау арқылы өлкенің ерекшелігін, өзіндік құндылықтарын тануға үйрету. Әлеуметтік-экономикалық және мәдени жетістіктері мен салт-дәстүрді сақтауда білімін тереңдету. Тағиғат аясына туристік саяхаттар арқылы, өлкенің табиғи, экологиялық ерекшеліктерін оқытып үйрету.

Тәрбиелілігі: оқушыларды туристік- өлкетану жұмыстары арқылы елжандылыққа, патриоттылыққа, ұжыммен жұмыс жасауға, өз бетімен шешім қабылдауға, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, зеректілікке тәрбиелеу.

Дамытушылығы: туристік-өлкетанулық білімдерін дамыту, ойлау қабілетін шыңдау, сыни тұрғыдан зерделеу, шығармашылық, ізденімпаздық талабын қалыптастыру.

Міндеті:

Әлеуметтік-педагогикалық Азаматтық көзқарас қалыптастыру, «Кіші Отанына» деген сүйіспеншілік сезімін арттыруға тәрбиелеу, өз өлкесінің тарихына деген жауапкершілік пен өзіндік қатысы арқылы мақтаныш түйсігін көбейту, мамандық таңдауға баулу (жазушы, зерттеуші, өлкетанушы, журналист т.б.

- Өлке өмірімен байланысты жанұяның, қаланың, тарихи тұлғалар туралы білімін кеңейтуді қамтамасыз ету, іздестіру-зерттеу жұмысының негізін үйрену және өлкетанушы, журналист мамандықтарына баулуға үйрету, өзіндік қорытынды, түйін жасауға баулу
- Тарихи дерек көздерімен, мемуарлық, ғылыми-ақпараттық әдебиеттер мен баспа беттерімен жұмыс жасауды меңгеру
- Туған өлке тарихын өз бетімен оқуға деген құлшынысын дамыту, оқушылардың шығармашылық қабілетін өз бетінше іздестіру-зерттеу жұмысына үйрету арқылы туристік жұмыстардың дағдыларын игеру, архитектуралық және мәдени ескерткіштерді оқып-үйрену, туристік жорықтар мен жарыстарға қатысу арқылы шеберліктерін шыңдау

| Өткізілу уақыты | | Тақырыбы | Сағат саны | | |
|-----------------|------------------------------|---|------------|--------|----------|
| Мерзім | Күні | | Барлығы | теория | Практика |
| Қыркүйек | I- бөлім. Кіріспе | | 24 | | |
| | | 1.1.Үйірмені жинақтау. Түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Ата-аналармен жұмыс.Сауалнама жүргізу. | 12 | | |
| | | 1.2.Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі идеясы. | 4 | | |
| | | 1.3. Туризм және өлкетану туралы түсінік. Балалар туризмі тарихы музейіне экскурсия. | 2 | | |
| | | 1.4. Қауіпсіздік ережелері | 6 | | |
| Қазан | II-бөлім. Өлке тарихы | | 60 | | |
| | | 2.1. Сармат. савроматтар туралы өлкедегі археологиялық зерттеулер.Қыпшақтар. Облыстық тарихи-өлкетану музейі. | 6 | | |
| | | 2.2. Батыс Қазақстан оғыз мемлекеті, мәдениеті.Қыпшақтар. | 6 | | |
| | | 2.3. БҚО тарихи археологиялық ескерткіштері, тарихи жәдігерлері. Облыстық тарихи-археология орталығына экскурсия. | 6 | | |
| | | 2.4. Алтын адам. Алтын ханшайым. Жәңгір хан атындағы тарихи-өлкетану музейіне экскурсия. | 6 | | |
| Қараша | | 2.5. Ноғай ордасы және Батыс Қазақстан. Ноғай ордасының құрылуы. | 6 | | |
| | | Батыс Қазақстан -қазақ хандығының құрылуы | 6 | | |
| | | Кіші жүздің хандар кестесі. | 6 | | |
| | | Бөкей ордасы өлкетану музейіне онлайн саяхат | 6 | | |
| Желтоқсан | | 2.9. Кіші жүздің Ресейге қосылу тарихынан. | 6 | | |
| | | 2.10. Әбілхайыр ханның саяси келбеті. Жәңгір хан қызметі. | 6 | | |

| | | | | |
|---------------|---|-----------|--|--|
| | | 48 | | |
| | III. Туризм және қоршаған орта | | | |
| | Туризм және кәсіби таңдау | 6 | | |
| | Жяу туризм техникасы және кедергілерден өту | 6 | | |
| Қаңтар | Жіп байлау түрлері. | 6 | | |
| | Шаңғы туризм техникасы | 6 | | |
| | 3.5. Өлкенің географиялық жағдайы, климаты. | 6 | | |
| | 3.6. Орал өңірінің флорасы мен фаунасы. | 6 | | |
| Ақпан | 3.7. Өлкенің экологиясы. | 6 | | |
| | 3.8. Экологиялық музейге экскурсия. | 6 | | |
| | IV. Жорық кезіндегі бағдарлау. | 24 | | |
| | 4.1. Өлкеге жорық кезінде ауа райын бақылау және табиғат белгілеріне қарап бағдарлау. | 6 | | |
| | 4.2. Топографиялық зерттеу, топографиялық карта және белгілер. | 6 | | |
| Наурыз | 4.3. Жергілікті жерді бағдарлау, спорттық бағдарлау түрлері. Электронды құрылғымен жұмыс. | 6 | | |
| | 4.4. Экскурсиялық бағдарлау туралы түсінік. | 6 | | |
| | Ү – бөлім. Өлке тарихы (жалғасы). | 36 | | |
| | 5.1. Сырым Датұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының азаттық қозғалысы | 6 | | |
| | 5.2. И.Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс | 6 | | |
| Сәуір | 5.3. Батыс Алаш Орда тарихы. Ж.Досмахұмадұлы. | 6 | | |
| | 5.4. "Рухани жаңғыру" музейіне экскурсия | 6 | | |
| | 5.5. ҰОС-ғы Батыс Қазақстан. Батыс Қазақстан-Сталинград майданының жақын тылы. | 6 | | |
| | 5.6. Батыс Қазақстанның экономоқисы және мәдени-рухани даму деңгейі. Орал қаласының өнеркәсіп орындарына экскурсия. | 6 | | |
| Мамыр | ҮІ- бөлім. Қорытынды | 24 | | |
| | 6.1. Жорық, экспедицияларға дайындық. Маршрут құрастыру. Қауіпсіздік ережелері. | 6 | | |

| | | | | |
|--|---|----|--|--|
| | 6.2. Жорыққа шығу. | 12 | | |
| | 6.3. "Жас турист-өлкетанушылар" бейнефильмін жасақтау. Жылдық қорытынды есеп. | 6 | | |
| | Барлығы: | | | |

Бағдарламасының мазмұны

I - бөлім. «Туған өлкеге саяхат» (44 сағ)

1-сабақ. (4с.) Кіріспе. Өлкетану және туризм негіздері. Өлкетанудың зерттеу нысандары. Туризм және өлкетану туралы түсінік қалыптастыру. Өлкетанудың зерттеу нысандары: табиғат, жер, территория, сол жердің халқы, тарихы, шаруашылығы, өнері мен мәдениеті. Туристік-өлкетану үйірмесінің мақсаты мен міндеттері. Табиғатқа серуендеу мен экскурсиялар жасауда адам денсаулығын нығайтуға тигізетін әсері. Жорықтар бұлшық ет қозғалысын дамытып қоймай, сонымен қатар жүрек, өкпе және адам ағзасының басқа да мүшелерін нығайтатындығын ұғындыру.

2-сабақ. (4с) Туризм және өлкетану туралы түсінік беру. Туризм түрлерімен таныстыру. Жаяу туризм, су туризмі, вело туризм, тау туризмі, шаңғы туризмі туралы түсінік беру. Жорықтар кезінде кездесетін кедергілермен таныстыру, қоршаған ғаламдағы табиғат аясымен, адамдардың қолымен жасалған орындармен танысып, өңірде жүру ережесін сақтау, өзін және өз жолдастарын /жол айрығы/ күте білу, туристік өмірдегі эпизодтарды бақылап қызықты жерлерді суретке түсіру. Батыс Қазақстан облысының өлке тарихынан білімдерін кеңейту. Облыстың ауқымы, әкімшілік бөлінісі, географиялық нысандары туралы түсінік. Табиғаты, өзен-көлдері, қазба байлықтары, жануарлар дүниесімен танысу.

3 –сабақ. (4с) Қауіпсіздік ережесі. Топтық және жеке қауіпсіздік, туристік құрал-жабдықтар. Қауіпсіздік шаралары. Туристік жорықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Топтық сақтандыру және жеке өзін-өзі сақтандырудың маңыздылығы. Сақтандыру құралдары. Туристік түйіндер, кеуде бекіткіші және оны қолдану тәсілі. Сақтандыру түрлері. Сақтандыру орнын таңдау және дайындау. Жоғарғы және төменгі сақтандыру. Арқан арқылы кедергілерден өту. Жорық кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу. Туристік құрал-жабдықтар. Шатыр, арқандар, жолдорба.

4-сабақ. (4с) Туған өлкенің территориясы және тұрғын халқы, тарихы туралы түсінік. Туған өлкеге экскурсия. Батыс Қазақстан өлкесінің жер көлемі, территориясы, тарихы. (6 с.) Б.з.б. 2-мыңжылдықтың басында Еділ-Жайық өңірінде кешенді мал, егін шаруашылығы қалыптасуы. Ежелгі Грек ғалымдарының еңбектері. Орта ғасырлық Жайық қалашығы, Сарайшық қалашығы. Өңірімізде өмір сүрген тайпалар тарихы.

5-сабақ. (4с). Мұражай - халықтардың материалдық және рухани мәдениеті. Батыс Қазақстан облысындағы мұражайлар. Мұражайдағы халық қазынасының сақталуы. Пугачев мұражайы, Пушкин мұражайы, Сакен Ғұмаров мұражайы, Ғабдолла Тоқай мұражайы, Мәншүк Маметова мұражайы, Көне Орал

мұражайы, Облыстық экологиялық мұражай, Шолохов мұражайы, Бөкей ордасы тарихи музейі.

6-сабақ (4с). Облыстық тарихи- өлкетану музейіне саяхат (Облыстағы аудан музейлерінің тарихын танып зерделеу) Облыстық тарихи-өлкетану музейі туралы түсінік беру.

7-сабақ(4с) Фото көрме «Менің Оралым». Орал қаласы туралы материалдар жинақтау. Орал қаласының тарихи ғимараттары, мәдени орындары, спорттық – сауықтыру кешендері, бүгінгі сәулеті, белгілі тұлғалары туралы буклет жасақтау. Слайд, видео материалдар дайындау.

8-сабақ (4с). Өлке тарихын зерттеу. Облыстық Ж.Молдағалиев атындағы кітапхана және қалалық кітапханалардан өлкетанушылардың оқулықтарын, өлке туризмі және өлке тарихы туралы кітапханаларда ізденіс жұмыстарын жүргізу.

9-сабақ(4с). Тарихи және мәдени ескерткіштер – халық қазынасы. Орал қаласындағы ескерткіштер. Архитектуралық тарихи ғимараттар. Қаламыздағы архитектуралық ескерткіштер туралы түсінік беру. Қаладағы ескерткіштер. Даңқ, «Европа-Азия» монументтері, А.С.Пушкин, М.Мәметова, А.Құнанбаев, В.И.Чапаевтың, С.Датов, Г.К.Жуков, А.Шолохов, Т.Масиннің және М.Молдағалиевтің ескерткіш-мүсіндерінің авторлары мен қала тарихымен байланыстылығы.

10-сабақ Өлке тарихы - көше атауларында. Іздестіру-зерттеу жұмысы «Көшемнің атауына мақтанам!»

Практикалық тапсырма: «Орал», «Курени», «Хан тоғайы» т.б. атаулардың шығу төркіні. Әр оқушы өзінің туған ауылының атауын зерттеу. Картамен жұмыс жасау.

11-сабақ(4с) . Жайық өзені тарихы.

Жайық өзені туралы деректер. Жайық-Урал экспедициясы. Экспедиция қатысушылары, мәні, мазмұны, мақсаты.

II бөлім. Өлкенің экологиялық жағдайы (32сағат)

12-сабақ (4с) Табиғат жайлы ғылымдардың жиынтығы. Экология ғылымының жеке организмнің қоршаған ортамен қарым-қатынасын, ортаға бейімделу заңдылықтарын, сондай-ақ организм деңгейінен жоғарырақ тұрған биологиялық жүйелердің – популяциялардың, организмдер қауымдастықтарының, экожүйелердің, биосфераның ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын оқушыларға ашып түсіндіру. Экология ғылымының даму тарихына, құрылымына жеке-жеке тоқталу.

13-сабақ(4с). Қоршаған ортаның мезгілдік өзгеруі. Оқушыларға әр мезгілдегі табиғаттың өзгерісі туралы түсіндіру және табиғат құбылыстары туралы деректерді жинақтау.

14-сабақ(4с) Облысымыздағы өзендермен, көлдермен танысу. «Су-тіршілік көзі»

Судың адам өміріндегі рөлі және қоршаған ортаның өзгерісіне тигізетін әсері. Батыс қазақстан облысындағы кіші өзендер мен көлдердің бүгінгі жағдайы. Адамдардың оларға әсері. Жақсарту жағдайлары.

Практикалық тапсырма: «Біздің табиғатымыз» эссе жазу.

15-сабақ(4с) Батыс Қазақстан облысының жануарлар әлеміне саяхат. Батыс Қазақстан облысының аң, құстарымен танысу. Құстарға ұя жасаудың маңызы. Балықтар әлеміне саяхат.

16-сабақ(4с) Шаңғы жорығының негізгі ережесімен танысу. Қысқы туризмнің ерекшеліктері. Топ құру, топтың жабдықталуы. Жорық кезіндегі топтағы міндеттер. Жорыққа қажетті азық-түлік, киім және құрал-жабдықтар ерекшеліктері. Қысқы жорық кезінде үсудің алдын алу. Алғашқы медициналық көмек.

17-сабақ(4с) Жорық түрлерімен танысу, деректеме жинақтау.

Батыс Қазақстан облысы бойынша өткізілген қысқы туристік жорықтар. Жорыққа қолайлы аудандар. Жорық күрделілігі. Маршрут өтетін аудандармен танысу, тарихын зерттеу, климатын, табиғи рельефін зерттеу.

18-сабақ(4с) Евразия туристік сауықтыру кешеніне жорыққа шығу.

19-сабақ (4с) Шаңғы туризмі, қысқы демалыс тақырыбында эссе жазу, буклет дайындау.

III – бөлім. Топографиялық зерттеу. Экскурсиялық бағдарлау(16сағат)

20-сабақ (4с) Картада шартты белгілердің берілуі. Нысандарды анықтау. Картаны дұрыс оқудың маңызы. Бағдарлаудың түрлері. Орал қаласының тарихи-мәдени объектілерін картаға өз бетімен түсіру.

21-сабақ(4с) Топографиялық зерттеу. Жергілікті жер бағдарлау. Топографиялық белгілер - жергілікті заттардың топографиялық, карталардағы шартты (графикалық, әріптік, сандық) белгілері. Масштабтық, масштабтан тыс және түсіндірмелі белгілер. Масштабты шартты белгілермен өз өлшемі бойынша карта масштабында керсетілетін заттар (орман, көл, т.б.). Масштабтан тыс шартты белгілер (карта масштабында өлшемі шағын болғандықтан (шахталар, радиомачта) көрінбей қалатын жергілікті заттарды бейнелеуге қолданылады). Түсіндірмелі шартты белгілер масштабты, масштабтан тыс шартты белгілермен бірге, жергілікті заттарға қосымша сипаттама беру үшін қолданылуы (орман түрін керсететін белгі, өзеннің ағу бағытын көрсететін белгі). Жергілікті заттардың шартты белгілерінің қасына объектінің аты көрсетіліп, түсініктеме берілуі.

22-сабақ(4с) Экскурсиялық бағдарлаудағы картаның маңызы. Объектілерді анықтауды үйрету. Бағдарлаудың түрлерімен таныстыру. Өз бетімен бағыт таңдай бағдарлау, Берілген бағыт бойынша бағдарлау т.б Карточкалар дайындау, карта схема сызу

23-сабақ(4с) Экскурсиялық бағдарлау жарысын ұйымдастыру

IV – бөлім. Этнография. (20 сағ.)

24-сабақ (4с) Этнография ғылымы. Тайпалар мен халықтардың шығу тегі, тұрмысы, кәсібі, әдет-ғұрпы, ерекшелігі. Халықтың күнделікті өмірі мен тіршілігін, әдет-ғұрпын зерттеу ерекшеліктері. Қария адамдармен әңгімелесіп, олардың айтқандарын жазып алу, маңызды көріністерді суретке түсіру, ұнтаспаға жазып алу, сирек кездесетін бұйымдарды жинау. Музей деректерін, ертеректе жазылған қолжазбаларды пайдалану. Саяхатшылардың мәліметтеріне, бұрыннан сақталып қалған әдеби мұраларға көңіл бөлу. Жергілікті халықтың даму жолын, басқа халықтардан ерекшелігін анықтау.

25-сабақ(4с) Қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрпы мен қолөнері туралы түсінік.

Халықтық салт-дәстүр. Салт-дәстүр – халықтың ертеден, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан, әбден қалыптасқан ережелері мен үлгілі істері. Қазақ халқының салт-дәстүрлері: қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, жастарға қамқоршы болу, ата-ананы ардақтау, үйге сәлем беріп кіру, әдептілік, қонақжайлылық, т.б. Ақсақалдар мен ел құрметіне бөленген сыйлы адамдар және ата-ананың өз ұрпағына, еліне арнап айтқан үлгі-өнегесі өсиет сөздерін жинау.

26-сабақ (4с) Фольклорлық туындылар.

Халық музыкасы, халық биі, халық өлеңі, халық театры, халық әдебиеті, халық қолөнері, халық қолданатын ырымдар мен ғұрыптар, салттар мен наным-сенімдер. Фольклор– халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханият. Мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар түрлері.

27-сабақ (4с) Ұлттық киімдер және ұлттық тағамдар.

Ұлттық киімдер атауы.Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі. Ою түрлері. Киізден жасалатын киімдер.Теріден жасалатын киімдер.Сырт киімдер: Аба; Бота ішік; Жарғақ; Тайжақы; Тақыр шалбар; Тон. Бас киімдер: Бөрік; Құлақшын; Малақай; Тақия; Тымақ. Аяқ киімдер: Кебіс; Мәсі; Мықшима; Саптама етік; Шарық (Шоқай); Шоңқайма. Жүннен жасалатын киімдер.Жабағы күпі; Жадағай шапан; Жүн қолғап; Жүн шұлық; Мойынша; Түйежүн далбағай; Түйе жүн кеудеше; Шекпен; Шидем шекпен. Киімге байланысты ырымдар.

Ұлттық тағам асханасы. «Қымыздың пайдасы», «Бауырсақ пісірудің түрлері» Іздестіру-зерттеу жұмысы.

28-сабақ(4с) Ұлттық ойындар. Ұлттық ойындар тарихы. Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік, әскери-спорттық, салт-дәстүрлік, өзара қарым-қатынастық және көркем-эстетикалық сипаты. Ұлттық ойындардың түрлері.Әбжілдік пен төзімділікке тәрбиелейтін, ат үстінде шауып келе жатып жерден - күміс алу. Ер адамдардың кеңінен тараған ойыны - көкпар тарту. Халық арасына кеңінен тараған спорт жарыстарының бірі — қазақша күрес. Ол барлық салтанатты жиындарда өткізіледі. Алтыбақан тебу, асық ойнау, жамбы ату, қыз куу, жілік сындыру сияқты ұлттық ойын түрлері мен спорт жарыстары.«**Ұлттық мерекелер – мерейім**» (бс.) Наурыз мерекесі. Қымызмұрындық, соғым басы, сүндет тойы, тоқым қатар мереке-тойларының ерекшеліктері.

«Дәстүр ордасы- киіз үй».

Киіз үй тарихы. Әсемдеу үрдісі. Мүліктердің орналасу тәртібі. Шашақбау, бойтұмар тігу. (бс.)

Ү-бөлім. Сынақтық жорықтар(8с)

29-сабақ(4с) Жорық, экспедицияларға дайындық.

Жорық алды дайындық. Маршрут құрастыру. Зерттеу. Картамен жұмыс. Тапсырмалар. Міндеттерді бөлісу. Алғашқы медициналық көмек.

30-сабақ (4с) «Самал ТЛ» екі күндік жаяу жорыққа шығу. Туристік құрал-жабдықтар. жорық кезіндегі міндеттерін білу. Жорық алды дайындық. Маршрут құрастыру. Зерттеу. Картамен жұмыс. Тапсырмалар. Міндеттерді бөлісу

ҮІ-бөлім. Қорытынды(8с)

31-сабақ (4с) «Жас саяхатшылар - жорықта!» Видео фильмін жасақтау.

32-сабақ (4с) Жылдық қорытынды есеп.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы"
2. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра, 2010.
3. Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы «Арыс» баспасы, Алматы, 2002
4. Школьный туризм и краеведение Республики Казахстан. Алматы, 2000г
5. История туризма Казахстана, Алматы, 2001г;
6. Акишев А.К., Искусство и мифология саков, А.-А., 1984;
7. А. Бейсенов., История Казахстана, т. 1, А., 1996.
8. Д.А.Белоусов., Литературно - краеведческий кружок в школе.
9. Оқушыларға туристік-өлкетану және экологиялық қызметіндегі жалпы қауіпсіздік ережелері, 2017 ж
- 10.Словарь справочник альпинистских, туристских и краеведческих терминов Жиздыбаев Т.К
- 11.Т.К.Жездібаев. «Жас туристерге кеңес» Алматы,2005
- 12.В.И.Курилова., Туризм.М., «Просвещение»,1988
13. А.А.Остапец-Свешников.Программа туристско-краеведческой деятельности школьников.Москва,1991
14. А.А.Остапец- Свешников, «Турист- ізкесушілер жорықта» « Полиграфсервис» баспаханасы, 2009
15. Е.Ю.Ривкин., Организация туристической работы со школьниками.ТКО «Искатель» 2001
16. В.В.Титова., Туристско-краеведческие кружки в школе.М., «Просвещение»,1988
- 17..К.Байпақов, С.Танабаева, М.Сдыков, Батыс Қазақстанның археологиялық қазбалары, Алматы, 2001